



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. Лозинский М.Л. Искусство художественного перевода. – Журн. «Дружба народов», № 7, 1955.
4. Ewers H.-H. Fundamental Concepts of Children's Literature Research, Literary and Sociological Approaches. – New York: Routledge, 2009, 196 p.
5. Lewis C.S. The Magician's Nephew. – Bodley Head: London, 1955, 183 p.
6. Льюис К.С. Племянник чародея (перевод с англ. Б. Кенжеева). – Чикаго: SlavicGospelpress, 1989, 130 с.
7. Льюис К.С. Племянник чародея (перевод с англ. Н. Трауберг). – М.: Вариант, 1991, 112 с.
8. Lewis C.S. The Voyage of the Dawn Treader. – Geoffrey Bles: London, 1952, 223 p.
9. Льюис К.С. «Покоритель Зари», или Плавание на край света (перевод с англ. Т. Шапошниковой). – М.: Эксмо-Пресс, 2010, 256 с.
10. Льюис К.С. Пospешающие к восходу, или Поход на край света (перевод с англ. В. Волковского). – М.: Эксмо-Пресс, 2002, 284 с.

ӘОЖ 81'373.2=512.122=111

ФИТОНИМДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Исмаилова Айгерим Жанатовна

aikosha92@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.А. Мұратова

Фитоним – адамзат өміріне қажетті, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, күнделікті тіршілікке пайдалынатын, табиғаттағы өсімдіктердің атауы. Қай ұлт тілі болса да фитонимдерге өте бай және бір тілдің ішінде әр өсімдіктің бірнеше атауға ие болуы жиі кездесетін құбылыс. Мәселен, ботаник ғалымдарымыздың есептеулері бойынша, республикамыздың аумағында 6000-нан астам өсімдік түрі бар делінеді. Оның 760-ы басқа ешбір жерде өспейтіні де дәлелденген. Демек, қазақ жерінде өсетін барлық өсімдіктің қазақша атауы бар деген сөз.

Фитонимдер қай тілді алсақ та, оның сөздік қорында ерекше орын алады. Қазақстан жері өсімдік түрлеріне қаншалықты бай болса, халқымыз сол өсімдіктердің атауларына да соншалықты бай. Олар тілімізге берік еніп, қатынас құралы ретінде ауызекі тілде кеңінен қолданылып жүр. Атақты ақынымыз І.Жансүгіровтің «Жетісу суреттеріндегі», «Жер түгі» деп аталатын небәрі 54 жолдық өлеңінде 30 түрлі ағаш пен 60-қа жуық шөптің, құрайдың барлығы 90 түрлі өсімдік атауларын келтіреді. Өсімдіктер туралы, олардың атаулары туралы өлең жазған жалғыз І. Жансүгіров емес. Ақындарымыз К.Әзірбаев «Шөп аттары», Ж.Шантөбетов «Қызылқұм көрінісі», С.Мұсабеков «Шөлдің түгі» – деген өлеңдер жазып, өздері туған, өскен жерлерден өсімдіктер дүниесіне байланысты ой-өрнектерін әдемілеп суреттеген[1].

Фитонимдерді жеке зерттеуде біраз жетістіктер болғанымен, салғастырмалы түрде арнайы аударматану саласымен байланыста қарастырылған зерттеулер аз.

Ағылшын және қазақ тілдерінде фитонимдерге байланысты кірме атаулар негізінен латын және грек сияқты классикалық тілдерден, көбінесе латын тілінен енген. Тіл-тілде латын тілінен енген атаулардың екі деңгейі бар: классикалық тілдерден 17-18 ғасырларға дейін сөз алу, ал екіншісі грек-латын элементтерінен тұратын жасанды эпонимдік атаулар. Фитонимдердің ауысу сатыларына қарай кірме фитонимдер келесідей жіктеледі:

- тура ауысқан – бірінші сатылы ауысу;
- екінші тіл арқылы үшінші тілге өткен – екінші сатылы ауысу.

Сөз ауысудың осындай құбылысын тікелей не жанама ауысу деп те атайды [2; 496].

Мақалада фитонимдер халықаралық және калька фитонимдері болып екі топқа бөлініп қарастырылды. Халықаралық фитонимдер – синхронды жағдайда үш туыс емес тілдерде этимологиялық тегі бір, семантикалық құрылымдары толық не жартылай сәйкес келетін лексемалар. Ағылшын және қазақ тілдерінде көбінесе сәйкес түбір тұлғалы және ортақ мағыналы халықаралық фитонимдер кездеседі. Жалпыға түсінікті халықаралық фитонимдерінің қатарын түзуде латын және грек тілдерінің маңызы ерекше. Сонымен қатар, халықаралық фитонимдерді жасауға біршама үлесін қосқан төркін тілдер қатарына роман тілдерінің (француз, итальян, испан, португаль тілдері), герман тілдерінің (ағылшын мен голланд) және араб тілі түркі тілдерінің маңызын атауға болады. Халықаралық фитонимдерге пальма (palm), кактус (cactus), банан (banana), алоэ (aloe) секілді өсімдіктерді жатқыза аламыз.

Тілдегі кірме сөзді калька, яғни көшірме, еліктеу деген сөз деп атау үшін ол сөздің құрылысы да, мағынасы да өзге тілден енген болу керек. Калька жасауда тіл-рецептор барынша түпнұсқаның мағынасы мен құрылысын дәлірек сақтауға тырысады да, ол атауды бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударады. Фитоним-калькада бастапқы төркін тілдегі атауға түрткі болған уәж сақталып, келесі тілге беріледі.

Тіл білімінде қалканың келесі түрлері бар: сөзжасамдық, семантикалық, фразеологиялық. Ағылшын және қазақ тілінің қазіргі тілдік қорында семантикалық фитоним-калканың үлесі басымырақ, сөзжасамдық және фразеологиялық калька да біршама. Калканың өзі абсолютті балама және жартылай калька деп бөлінеді. Семантикалық фитоним-калкаларды абсолютті баламаға жатқызамыз. Себебі екі тілдегі туындылардың мағына дәрежелері сөз беруші мен сөз алушыда да тең, мысалы, бұғы мүгі – reindeer moss, камфора ағашы – camphor tree, көкжидек – blueberry, мысықтабан – cat's foot. Жартылай калькаланған фитонимдерде заттың уәжі ретінде негізге алынған белгі сол заттың мағынасын жартылай аша алу қабілеттілігіне ие болады. Мысалы, шолпанкебіс – moccasin flower, күнсұлу – day-lily, қытай қалақай – China grass[3].

Фитонимдердің аудармада берілу жолын терең ұғыну өсімдік атауларының құрылымына талдау жасау арқылы жүзеге асады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фитонимдердің құрылымдық сипаты:

- түбір тұлғалы фитонимдер;
- туынды фитонимдер;
- біріккен фитонимдер;
- тіркесті фитонимдер.

Түбір тұлғалы фитонимдер – сөздік қордағы төл атаулар. Алайда оның қатарына басқа тілден енген фитонимдер де енеді. Мысалы, шырша, емен, rose, tulip және тағы басқа.

Туынды фитонимдер – түбірге жұрнақтың жалғануы арқылы жасалынған өсімдік атаулары. Ағылшын тілінде туынды фитонимдерді құрайтын кейбір жұрнақтар:

- -el, -il (Hazel, mistletoe, thistle, daffodil) [4; 28]
- -us (Cactus, narcissus, asparagus)
- -y (lily, daisy, cherry)
- -er (Aster, osier, pepper)
- -le (Chanterelle, camomile, nettle)

Қазақ тіліндегі туынды фитонимдерді құрайтын кейбір жұрнақтар:

- -дық, -дік (саумалдық, қымыздық);
- -ық, -ік (тарышық, көпіршік)
- -қақ (тырысқақ, шанышқақ)
- -қы (сыпыртқы, шашыратқы)

- бұйрық рай етістігінің жұрнағы (шошай, басар, бүрлен, сүйіндір, қышытпа, шақпа, домалатпа)

- -шық, -шік, -ша секілді кішірейту, еркелету жұрнақтары (тарышық, қоңырауша, бадамша, қызылша, көкше)

Біріккен фитонимдер – екі немесе одан да көп түбір сөздердің бірігуі арқылы

жасалынған өсімдік атаулары. Мысалы, қарабүлдірген, жанаргүл, арамшырмауық, сарыбауыр, тұмаршөп, балкурай, бозкілем, түйежапырақ, blackberry, sunflower, blueberry, strawberry, watermelon, pineapple және тағы басқа.

Тіркесті фитонимдер – сөз тіркесі арқылы жіктелетін тұқымдас өсімдіктер тобы мен түр секілді өсімдік атаулары. Мысалы, қарақат – қарақат тұқымдас өсімдіктер тобының атауы, ал түр атаулары сөз тіркестері арқылы беріледі: қызыл қарақат, қара қарақат т.с.с.. Басқа мысалдарды келтіретін болсақ: көктем зиягүлі, айғыр қияқ, түйе сүттіген, тау беде, сары лапыз, ұзын қызшөп, honeydew melon, blue cornflower.

Фитонимдердің лексика-семантикалық тобын да ажыратуға болады. Фитонимдердің негізі екі үлкен лексикалық топқа жіктеледі: өсімдікке қатысты лексика және өсімдік дүниесіне қатысы жоқ басқа лексикалық топтар. Негіздің «өсімдікке қатысты» тобын кіші гипер-гипонимиялық топтамаларға салалаған кезде, олар: өсімдіктің пайдаланатын бөлігі (жапырақ, гүл, шөп, қабық), өсімдіктің мүшесі (сабақ, тікен, бұтақ) және өсімдіктер дүниесінің басқа да түрлері – көкөністер мен жемістер сияқтыларға іштей жіктеледі. «Жемістер» мен «көкөністер» сияқты топтың ерекшелігі – белгілі бір қасиеттеріне байланысты бір өсімдік екінші бір өсімдіктің атымен аталады. Бірақ аталымда бұл өсімдіктер өздеріне негіз өсімдіктен айырмасы ретінде артық бір сыңарлы болып келеді. Мысалы, black cherry (belladonna) – бұл қара шие емес, итжидек, honeyberry – балды жидек емес, бұл улы өсімдік бөріжидектің атауы, thorn apple – тікенді алманың емес, сасықмендуананың атауы.

Ағылшын және қазақ тілдерінде кей өсімдіктің улы, жағымсыз қасиеттерін көрсететін, оның қаупінен сақтандыратын белгісі бар дайын тілдік атаулар бар. Мысалы, touch-me-not (мені ұстама) – шыңкетер, snapweed (жабылатын шөп) – шытырлақ, suicide tree (өзіне өзі қол жұмсау ағашы) – цербера, жындышөп, тентекмия, құтырған, атқұтыртқан, devil's cherry – итжидек, children's bane (балалар өлімі/уы) – убалдырған, wolfsbane (қасқыр уы) – уқорғасын, deadly nightshade (өлтіретін алқа) – итжидек, grapes of wrath (долдандыратын жидек) – итжидек және тағы басқа.

Фитонимдерді аудару барысында жоғарыда көрсетілген құрылымдық, лексика-семантикалық ерекшеліктерді ескеру қажет. Мәтінді бір тілден екінші тілге аудару кезінде аударма трансформациялары қолданылады. Мысалы:

«...a'swept'yardthatwasneversweptwhereJohnsongrassandrabbit-tobaccogrewinabundance»

«...«чистый» двор, который никогда не подметался и весь зарос сорной травой»[5; 212]

Бұл мысалда аудармашы трансформацияның генерализация (жалпылау) әдісін қолданып тұр. Түпнұсқадағы «Johnson grass» және «rabbit-tobacco» атты фитонимдер орыс мәдениетіне беймәлім болғандықтан, аудармашы оларды жалпы арамшөп сөзімен ауыстырған. Дегенмен де, генерализация тәсілі қолданылғанменен, мәтіннің мағынасы сақталып тұр.

Флористикалық метафораларды аударған кезде де әр халықтың ерекшеліктерін ескеру қажет, өйткені сөзбе-сөз аударылған метафоралар әрдайым балама болып саналмайды. Сондықтан түпнұсқадағы метафораның аударатын тілдегі баламасын табуға тура келеді. Ағылшын тіліндегі флористикалық метафораларды бірнеше топқа жіктеуге болады:

1) адамдардың жеке қасиеттерін бағалаушы флористикалық метафоралар: daisy – тамаша нәрсе, керемет адам, өте дәмді; daffodil – әдемі адам, әйел мінезді ер адам; tulip – көзтартарлық адам; sweet pea, peach – жақсы адам; lemon – жағымсыз адам; squash – көріксіз бет әлпет; nut – ақымақ;

2) белгілі бір мамандық немесе кәсіппен шұғылданатын адамдардың атаулары: snowdrop – әскери полицияның мүшесі; water lily – өрт сөндіруші; blue bottle – полиция; seaweed – сауда теңізшісі; plant – тыңшы;

3) адамдардың қолымен жасалынған объектілерді, артефактілерді бейнелейтін флористикалық метафоралар. Бұндай метафоралар, әдетте, объектілерді сыртқы келбетінің ұқсастықтары бойынша суреттейді. Мысалы, onion – күмбез; lemon, grenade – жарылатын снаряд; wallnut-shell – қайық;

4) адамның дене мүшесін сыртқы белгілері бойынша атайтын метафоралар: а

rippin face – қызыл бет; a cauliflower ear – жарақаттан деформацияланған құлақ (әдетте боксшыларда); almond eyes – бадам көзді;

5) анатомия объектілерінің ғылыми атауын құрайды: thorn – жануарлардың тікендері; acinus – өкпенің бір бөлігі; olive- мидың бір бөлігі; a gland – таңдай безі [6].

Осыдан біз көріп отырғанымыздай, фитонимдер тек тура мағынасында ғана емес, ауыспалы мағынасында да қолданылады. Сондықтан да аудармашы мәтінді мәнмәтінге қарап аударуы керек. Бұған қоса, ағылшын тіліндегі өсімдік атауларын әрдайым қазақ тіліне сөзбе-сөз аудармай, олардың баламаларына көңіл бөлген дұрыс, себебі фитонимдер әрдайым тура мағынасында қолданылмай, басқа мағынаны білдіруі мүмкін.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев С. Өз тіліміздегі өсімдік атауларын білеміз бе? «Ана тілі» газеті. 2010
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993
3. Омарбекова Г.Ә. Неміс және қазақ тілдерінде фитонимдерді құрылымдық, ономазиологиялық зерттеу. Алматы. 2004
4. W.Falkner. Hans-JorgSchmid. Words, lexemes, concepts. Tubingen. 1999
5. Комиссаров В.Н. Теория перевода. - М.: Высш. шк., 1990
6. Рыжкова Е.В. Флористическая метафора и концептуальная картина мира носителя английского языка [Электронды ресурс]: .novgorod.ru/data/educat/lib/3/9/00139/ryzhkova01_31012003.doc

УДК 81'322.4

О СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ КАЧЕСТВА МАШИННОГО ПЕРЕВОДА

Кабдулина Г.А.

Abai93-93@mail.ru

Студент кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского
национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.Т. Кондыбаева

Мы живем в мире развитых технологий, которые прочно вошли в нашу жизнь. Мы пользуемся распространенными источниками связи. Компьютер превратился в необходимый элемент нашей жизни и не только на рабочем месте, но и в повседневной жизни. Быстрое развитие новых информационных технологий свидетельствует о возрастающей роли компьютерной техники в мировом информационном пространстве. Число пользователей интернета увеличивается с каждым днем. Сетевые технологии оказывают все большее влияние на развитие науки и техники. Последние годы объем предназначенной для перевода информации увеличился. Создание универсального языка типа Эсперанто, «эльфийских языков» или какого-либо другого языка не привели к изменению ситуации. Использование традиционных средств межкультурной коммуникации может быть достойным выходом. Нынешний век диктует свои условия: информация меняется ежедневно, широко применяются электронные средства связи. Классический подход к осуществлению перевода не всегда оправдывает себя в таких случаях. Он требует значительных временных затрат и капиталовложений. В некоторых случаях более целесообразным представляется использование машинного или автоматического перевода.

Перевод имеет долгую историю. Своими корнями он восходит к тем далеким временам, когда праязык начал распадаться на отдельные языки и возникла необходимость в людях, знавших несколько языков и способных выступать в роли посредников при общении представителей разных языковых общин. Идея машинного перевода, т.е. мысль поручить машине работу по переводу с одного естественного языка на другой, насчитывает к настоящему времени уже около пятидесяти лет существования. Примерно столько же лет